



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

Астана қаласы

№

город Астана

№ 383-НҚ от 29.08.2024

### «Қазтелерадио» акционерлік қоғамының 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 36 бабы 1 тармағының 7) және 9) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» заңының 177 бабы 2 тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы» 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысының 3 тармағына, «Қазтелерадио» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2024 жылғы 09 тамыздағы № 4 хаттамалық шешіміне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2024 жылғы «22» тамыздағы № КГИП-02-КГ/9545 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Қазтелерадио» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2023 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Өл-Фараби даңғылы, 118 ғимарат, банктік және өзге де деректемелері: БСН 000540002083, БСК: HSBKKZKX, ЖСК: KZ476010131000079901, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, КБЕ 16,

2. 2023 жылғы қаржылық есептілікке сәйкес, Қоғамға сомасы 8 318 523 000 (сегіз миллиард үш жүз он сегіз миллион бес жүз жиырма үш мың) теңге шығын болуына байланысты республикалық бюджетке дивидендтер төлеу жүргізілмесін.

3. Қоғамның Басқарма төрағасы Р.К. Хусаинов:

1) жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде электрондық қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу жөніндегі ұйымға жолдауды камтамасыз етсін;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қоғамның 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

4. Осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрі**



**А. Балаева**